

"2017 жылға арналған субсидиялар алуға өтінімді ұсыну мерзімдерін айқындау туралы" Сырдария ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 29 наурыздағы №80 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 16 қазандағы № 239 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 30 қазанда № 6007 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 50-бабының 2-тармағына сәйкес Сырдария ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2017 жылға арналған субсидиялар алуға өтінімді ұсыну мерзімдерін айқындау туралы" Сырдария ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 29 наурыздағы № 80 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5808 болып тіркелген, 2017 жылы 03 мамырында Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау "Сырдария ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ғ. Қазантаев